

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депуттарына,
Қазақстан Халық партиясы
фракциясының мүшелеріне

2021 жылғы 8 сәуірдегі № ДС-132 сауалына

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Қазақстанның су қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап келесіні хабарлаймын.

Қазақстан Республикасы трансшекаралық өзендер бассейндерінде экологиялық және су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы үкіметаралық келісімдер аясында барлық көрші мемлекеттермен белсенді өзара іс-қимыл жасайды, бұл Қазақстанның су қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шешуші факторы болып табылады.

Сонымен қатар жаңа Су кодексінің тұжырымдамасы әзірленуде, оның негізгі қағидаты елдің су ресурстық әлеуетін сақтау мәселелері болады және Қазақстан Республикасының су ресурстарын 2030 жылға дейін басқару жөніндегі ұлттық жоба әзірленуде.

Ұлттық жобаның басым бағыттарының қатарына су дипломатиясын нығайту арқылы мемлекетаралық су қатынастарын жетілдіру, су ресурстарын цифрландыру, есепке алу және мониторинг жүргізу, сондай-ақ суды үнемдеу технологияларын енгізу кіреді.

Қосымша 9 парақта.

Р. Скляр

Қ.А. Мейребеков
75-00-33

Қазақстан Республикасында трансшекаралық өзендер экономика салалары мен халықты су ресурстарымен қамтамасыз ету бойынша маңызды рөл атқарады. Қазақстан негізгі ірі трансшекаралық өзендердің (Ертіс, Іле, Шу, Талас, Сырдария, Жайық) төменгі ағысында орналасқандығына байланысты, көрші елдермен өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, Қазақстанның су қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі негізгі фактор болып табылады.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы трансшекаралық өзендер бассейндерінде экологиялық және су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы үкіметаралық келісімдер аясында барлық көрші мемлекеттермен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

Солтүстіктегі көршілеріміздің бастамасы, Батыс Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігіне кері әсерін тигізбей ме?

Ресей Федерациясымен ынтымақтастық Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтерінің арасындағы 2010 жылғы 7 қыркүйектегі трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау туралы Келісімнің нормаларына сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі – Келісім). Келісімнің ережелеріне сәйкес Тараптар трансшекаралық өзендердің бассейндерінде салуға жоспарланған гидротехникалық құрылыстардың қоршаған ортаға әсерін бірлесіп бағалайды және қарастырады.

Жайық өзені бассейнінің су ресурстарын пайдалану екі мемлекет үшін де экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше маңызы бар. Келісімді басшылыққа ала отырып, Орынбор қаласын сумен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында Жайық өзенінің арнасында асып төгілетін бөгет салу туралы ақпарат ағымдағы жылғы наурыздың басында интернет-ресурстарда жарияланғаннан кейін қазақстандық тарап дипломатиялық арналар арқылы ресми сұрау салу жолдады. Ресей тарапының ресми жауабының болмауына қарамастан, Ресей Федерациясының Федералдық су ресурстары агенттігі басшысының орынбасары деңгейінде жұмыс кездесулерінде ресей тарапы Жайық өзеніне арнасынан асып төгілетін бөгет салу жоспарын растамайды.

Сондай-ақ, Жайық өзені бассейніндегі су шаруашылығы жағдайын жақсарту бойынша шаралар қабылдау мақсатында ресей тарапымен Жайық өзенінің гидрологиялық режиміне бірлескен зерттеулер жүргізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Осы мақсатта 2020 жылғы қазанда Ірі өзендердің бассейндерінде (Жайық, Ертіс және басқа) зерттеулер жүргізу бойынша ынтымақтастықты жандандырудың бірыңғай жол картасы және оның тармақтарын орындау мерзімін және ұйымдастыру формасын нақтылайтын іс-шараларды іске асыруға арналған жұмыс кестесі бекітілді. Аталған жұмыс шеңберінде тараптардың сарапшылары Жайық өзенінің құрғақ кезеңінде гидрологиялық ағынын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлейді. Жайық трансшекаралық өзенінің гидрологиялық режиміне зерттеу жүргізу үшін 2021 жылғы республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде 11,950 млн.теңге қаражат бөлу туралы бюджеттік өтінім енгізілді.

Бұдан басқа, Батыс Қазақстан облысын толық сумен қамтамасыз ету үшін 2021 жылғы 20 сәуірде Республикалық бюджет комиссиясының шешімімен ағымдағы жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде Саратов магистральдық арнасы бойынша Қараөзен мен Сарыөзен өзендеріне және РФ Паллас суару-суландыру жүйесінен Жәнібек суару-суландыру жүйесіне қосымша су көлемін беру үшін 1 200 млн.теңге сомасында қаражат көзделген.

Қазақстанның су қауіпсіздігі мәселесі қалай шешілуде?

Қазақстандағы су қауіпсіздігі мәселесі көршілес елдермен екіжақты және көпжақты форматта өзара тиімді ынтымақтастық орнату жолымен шешіледі.

Қырғыз Республикасымен су қатынастары Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы Үкіметтерінің арасындағы 2000 жылғы 21 қаңтардағы Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану туралы Келісімнің негізінде реттеледі. Келісімнің нормаларына сәйкес Шу және Талас өзендерінде мемлекетаралық қолданыстағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының комиссиясы жұмыс істейді.

Мемлекетаралық пайдаланудағы су объектілерінің техникалық жай-күйін қолдау мақсатында республикалық бюджеттен жыл сайын 75,0 млн.теңге бөлінеді. 2021 жылы қазақстандық тарап Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарына пайдалану және техникалық күтім жасауға үлестік бірлесіп қаржыландыруды 119 млн.теңгеге дейін ұлғайтады.

Ағымдағы жылғы 15 және 23 сәуірде бейнеконференцбайланыс режимінде өткен Шу және Талас өзендерінде мемлекетаралық қолданыстағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының Үкіметаралық комиссиясының 28 отырысында Тараптар ағымдағы жылғы 15 мамырға дейін мемлекетаралық қолданыстағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануға және техникалық күтім жасауға қажетті шығындарды нақтылау және айқындау және 2024 жылға дейін үлестік қоса қаржыландыру кестесін жасау туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Соңғы 10-15 жылда Қырғызстанның трансшекаралық өзендердің су ресурстарын «тауарландыруға» бағытталған өзінің «су саясатын» заңдастыруына келетін болсақ, дүниежүзілік қауымдастық өзен суларын тауар ретінде сатуды қолдамайды және әлемде мұндай жағдайлар болмаған. Бюросына 2018 жылдан бастап Қазақстан төрағалық ететін Су конвенциясының қатысушылары трансшекаралық су объектілерінің суы тауар болып табылмайды және оның бағасы жоқ деген нақты ұстанымды ұстанады.

Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастық Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы 2001 жылғы 12 қыркүйектегі трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімнің нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Аталған Келісімнің ережелеріне сәйкес трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Қытай бірлескен комиссиясы (бұдан әрі – Бірлескен комиссия) құрылды және жұмыс істейді.

ҚР мен ҚХР арасындағы ынтымақтастықтың негізгі мәселесі трансшекаралық өзендердің су ресурстарын бөлу бойынша нормативтік-құқықтық базаның болмауы болып табылады.

2013 жылғы қыркүйекте Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары барысында Мемлекет басшылары деңгейінде 2015 жылдан бастап Тараптар ҚР мен ҚХР арасындағы трансшекаралық өзендерді бөлу туралы Келісім жобасын зерттеу және келісуді кірісетіні туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Осы уағдаластықтардың негізінде 2015 жылы Бірлескен комиссия шеңберінде Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы трансшекаралық өзендердің суын бөлу туралы келісім жобасын зерделеу және келісу үшін арнайы жұмыс тобы құрылды.

Қазіргі уақытта преамбула мен 31-баптан тұратын ҚР мен ҚХР арасындағы трансшекаралық өзендердің суын бөлу туралы Келісім жобасының құрылымы мен шоғырландырылған мәтіндері қалыптастырылды.

Бірлескен комиссияның 17-ші отырысында Тараптардың су ресурстарына құқықтарын, экожүйелерін дамыту және сақтау мүдделерін кешенді ескере отырып, су бөлу туралы Келісім жобасын зерделеу және талқылау туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта қытай тарапымен бірлесіп қазақстан-қытай Ертіс, Іле және Емел трансшекаралық өзендерінің барлық бассейндерінде су ресурстарын бағалау бойынша зерттеу жүргізілуде.

Аталған жұмыс шеңберінде трансшекаралық өзендер бассейнінде (Қазақстан Республикасы мен ҚХР аумағында) жыл сайын қалыптасатын табиғи ағынның көлемі анықталатын болады. Жұмыстардың нәтижелері Тараптардың үлесін және табиғи су объектілерінің, оның ішінде Балқаш, Зайсан, Алакөл және Іле өзенінің атырауы экожүйелерінің қажеттіліктерінің көлемін анықтауға пайдаланылатын болады.

Осылайша, су бөлу жөніндегі келіссөздердегі негізгі мақсат Қазақстанның ұзақ мерзімді перспективаға арналған мүдделеріне жауап беретін су бөлу туралы сапалы келісімге қол қою болып табылады.

Қазақстан үшін су қауіпсіздігі, судың тапшылығы алдағы 10-20 жылда алдыңғы қатарға шығатыны анық. Оны шешу үшін қандай да бір әрекеттер жасалып жатыр ма, жоқ әлде болашақтың енишісіне қалдырды ма ол жағы белгісіз

Бүгінгі таңда көктемгі су тасқыны кезінде су тапшылығы мәселелер байқалуда, бұл Үкіметпен қоғамды қатты алаңдатады. Трансшекаралық ынтымақтастықты жүзеге асырумен қатар жаңа Су кодексінің тұжырымдамасы әзірленуде, оның негізгі қағидаты елдің су ресурстық әлеуетін сақтау мәселесі болады. Жаңа Су кодексінің тұжырымдамасы 2021 жылдың соңына дейін бекітіледі деп күтілуде.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында су ресурстарын 2030 жылға дейін басқару жөніндегі ұлттық жоба әзірленуде. Ұлттық жобаның басым бағыттарының қатарына су дипломатиясын нығайту арқылы мемлекетаралық су қатынастарын жетілдіру, су ресурстарын цифрландыру,

есепке алу және мониторинг жүргізу, сондай-ақ суды үнемдеу технологияларын енгізу кіреді.

Трансграничные реки играют важную роль в обеспечении водными ресурсами отраслей экономики и населения в Республике Казахстан. В связи с тем, что по основным крупным трансграничным рекам (Ертис, Или, Шу, Талас, Сырдарья, Жайык) Казахстан расположен в нижнем течении, установление взаимовыгодного сотрудничества с соседними странами является ключевым фактором в обеспечении водной безопасности Казахстана.

В этой связи, Республика Казахстан в целях обеспечения экологической и водной безопасности в бассейнах трансграничных рек активно взаимодействует со всеми сопредельными государствами в рамках действующих межправительственных Соглашений.

Отразится ли инициатива наших северных соседей негативно на экологической безопасности Западного Казахстана?

Сотрудничество с **Российской Федерацией** осуществляется в соответствии с нормами Соглашения между Правительствами Республики Казахстан и Российской Федерации о совместном использовании и охране трансграничных водных объектов от 7 сентября 2010 года (далее – Соглашение). В соответствии с положением указанного Соглашения Стороны совместно рассматривают и проводят оценку воздействия на окружающую среду планируемого строительства гидротехнических сооружений в бассейнах трансграничных рек. Вопросы использования водных ресурсов бассейна реки Жайык для обоих государств имеют особое значение в обеспечении экологической безопасности.

Руководствуясь Соглашением, после публикации в интернет ресурсах в начале марта текущего года казахстанская сторона направила по дипломатическим каналам запрос по поводу информации о строительстве переливной плотины на реке Жайык в целях улучшения водообеспечения г. Оренбурга. Несмотря на отсутствие официального ответа от российской стороны, на рабочих встречах на уровне заместителя руководителя Федерального агентства водных ресурсов РФ российская сторона не подтверждает планов по строительству переливной плотины на реке Жайык.

Также в целях принятия мер по улучшению водохозяйственной обстановки в бассейне реки Жайык с российской стороной достигнута договоренность о проведении совместных исследований гидрологического режима реки Жайык. С этой целью в октябре 2020 года утверждена Единая дорожная карта активизации сотрудничества по проведению исследований в бассейнах крупных рек (Жайык, Ертис и другие) и Рабочий график реализации мероприятий с детализацией сроков исполнения ее пунктов и формы их организации. В рамках данной работы экспертами сторон будут выработаны рекомендации по улучшению гидрологического стока реки Жайык в маловодные периоды. На исследования гидрологического режима трансграничной реки Жайык в рамках

уточнения республиканского бюджета на 2021 год поддержано финансирование на сумму 11,950 млн. тенге.

Кроме того, для полноценного водоснабжения Западно-Казахстанской области 20 апреля 2021 года решением Республиканской бюджетной комиссии в рамках уточнения республиканского бюджета на текущий год поддержано выделение средств в сумме 1 200 млн. тенге для подачи дополнительно объема воды в реки Караозен и Сарыозен по Саратовскому магистральному каналу и Жанибекскую оросительно-обводнительную систему из Палласовской оросительно-обводнительной системы РФ.

Как решаются вопросы водной безопасности Казахстана?

Вопросы водной безопасности Казахстана решаются путем установления взаимовыгодного сотрудничества с сопредельными странами в двустороннем и многостороннем формате.

Водные отношения с **Кыргызской Республикой** регулируются на основе Соглашения между Правительствами Республики Казахстан и Кыргызской Республики об использовании водохозяйственных сооружений межгосударственного пользования на реках Шу и Талас от 21 января 2000 года. В соответствии с нормами Соглашения функционирует Комиссия Республики Казахстан и Кыргызской Республики по использованию водохозяйственных сооружений межгосударственного пользования на реках Шу и Талас.

С целью *поддержания технического состояния водных объектов межгосударственного пользования из республиканского бюджета ежегодно выделяется 75,0 млн. тенге*. В 2021 году казахстанская сторона увеличила долевое софинансирование на эксплуатационное и техническое обслуживание водохозяйственных сооружений межгосударственного пользования на реках Чу и Талас до 119 млн. тенге.

На 28-м заседании межправительственной комиссии Республики Казахстан и Кыргызской Республики по использованию водохозяйственных сооружений межгосударственного пользования на реках Шу и Талас, которые состоялись 15 и 23 апреля текущего года в режиме видеоконференцсвязи, Сторонами достигнута договорённость до 15 мая текущего года уточнить и определить необходимые затраты на эксплуатацию и техническое обслуживание водохозяйственных сооружений межгосударственного пользования и составить график долевого софинансирования до 2024 года.

Что касается вопросов легализации «водной политики» Кыргызстана, нацеленной на «товаризацию» водных ресурсов трансграничных рек в последние 10-15 лет, мировое сообщество не поддерживает продажу речной воды как товара, и в мире отсутствуют такого рода прецеденты. Участники Водной конвенции, в Бюро которой с 2018 года председательствует Казахстан, придерживаются четкой позиции, что вода трансграничных водных объектов не является товаром и не имеет цены.

Сотрудничество с КНР осуществляется в соответствии с нормами Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики о сотрудничестве в сфере использования и охраны трансграничных рек от 12 сентября 2001 года. В соответствии с

положением указанного Соглашения создана и функционирует казахстанско-китайская Совместная комиссия по использованию и охране трансграничных рек (далее – Совместная комиссия).

Основным вопросом сотрудничества между РК и КНР является разработка нормативно-правовой базы по делению водных ресурсов трансграничных рек.

В сентябре 2013 году в ходе государственного визита Председателя КНР Си Цзиньпина в Республику Казахстан на уровне Глав государств были достигнуты договорённости о том, что начиная с 2015 года Стороны приступят к изучению и согласованию проекта Соглашения о водodelении трансграничных реках между РК и КНР.

На основании указанных договорённостей в 2015 года в рамках Совместной комиссии создана Специальная рабочая группа по изучению и согласованию проекта Соглашения о водodelении на трансграничных реках между РК и КНР.

В настоящее время сформирована структура проекта, состоящая из преамбулы и 31-й статьи, и консолидированные тексты проекта Соглашения о водodelении на трансграничных реках между РК и КНР.

На 17-м заседании Совместной комиссии достигнуты договорённости об изучении и обсуждении проекта Соглашения о водodelении с комплексным учётом права на водные ресурсы, интересы развития и сохранения экосистем Сторон.

Кроме того, в настоящее время совместно с китайской стороной проводится исследование по оценке водных ресурсов по всему бассейну казахстанско-китайских трансграничных рек Ерчис, Иле и Емель.

В рамках данной работы будут определены объемы естественного стока, ежегодно формируемые в бассейнах трансграничных рек (на территориях РК и КНР). Результаты работ будут использованы для установления доли сторон и объемов потребностей экосистем естественных водных объектов, в том числе Балкаш, Зайсан, Алаколь и дельта реки Иле.

Таким образом, основной целью в переговорах по водodelению является подписание качественного Соглашения о водodelении, отвечающего интересам Казахстана на долгосрочную перспективу.

Очевидно, что водная безопасность для Казахстана, дефицит воды в ближайшие 10-20 лет выйдут на первый план. Неизвестно, предпринимаются ли какие-либо шаги для его решения, или это оставлено на будущее

На сегодняшний день дефицит водных ресурсов в период весеннего паводка становится все ощутимей, что вызывает серьезную обеспокоенность Правительства и общественности. Наряду с осуществлением трансграничного сотрудничества начата разработка концепции нового Водного кодекса, основным принципом которого будет вопрос сохранения водноресурсного потенциала страны.

Кроме того, в настоящее время разрабатывается Национальный проект по управлению водными ресурсами в Республике Казахстан до 2030 года. В число приоритетных направлений Национального проекта войдут совершенствование

межгосударственных водных отношений путем укрепления водной дипломатии, цифровизация, учет и мониторинг водных ресурсов, а также внедрение водосберегающих технологий.
